

Арнау

(ТҰРСЫН БЕСІМҰЛЫНА)

Сайранды ғұмыр шектеулі,
Жалған деп содан атаған.
Азамат едің арналы,

Құр қалмаған батадан.
Сырнайды қолға алғанда,
Сұлулап әнге салғанда.
Сұңқарша сұсың артатын,
Жеткендей бейне арманға,
Қасыңда жарың Күләнмен,

Сызылтар жақсы әнді.
Қуаныш сыйлал қауымға,
Қуантар едің достарды.

Отыз жыл үнің бір тынбай,
Сайрадың өнер бағында.
Думанға елді бөледің,
Күләннің жүрді жаныңда.
Өнердеп өттің өмірден,
Тапжылмай қалдың тағыңда.

Бабалар кеткен бақида,
Тынымдап сен де дамылда.
Еске аламыз әрдайым,
Өмірдің дулы жазында.
Ұмытылмайды есімің,
Достардың жүрер жадында.

Өмір КӘРІПҰЛЫ,
Ақадыр кенті.

Заман.- 1999.- 4 желтоқсан (№46).- 1 б.